



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Қоғамдық кеңесте



## Аудан әкімі есебі тыңдалды

Аптаның сәрсенбісі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісінде аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының 2003 жылы атқарған жұмыстары және 2024 жылы атқарылатын жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Қоғамдық кеңестің отырысын қоғамдық кеңестің төрағасы

жұмыстардың жоспары да кеңінен талқыланды. Онда негізінен газ мәселесі, құрылыс, мал шаруашылығы, жол құрылысы сияқты өзекті мәселелердің жай жапсары қаралды. Есепті жиында кеңес мүшелері Т.Жұмақов, Т.Бекқұлиев, А.Нысанбаев, Б.Смақова, С.Бегманұлы аудан әкіміне есепті баяндама



Мұрат Жексенбайұлы Сапаров ашып, жүргізіп отырды. Аудан әкімі берген есепте өткен жылы атқарылған ауқымды тірліктер әрбір сала бойынша сараланып, кеңес мүшелерінің назарына ұсынылды. Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын

төңірегінде сауалдар беріп, нақты жауаптар алды. Есепті жиын соңында кеңес мүшелері аудан әкімінің есебіне бірауыздан қанағаттанарлық деген қаулы қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Дүниежүзілік сайлау күні аталып өтті

Жыл сайын ақпанның алғашқы бейсенбісінде Дүниежүзілік сайлау күні аталып өтеді.

Осы күнді өткізудің басты міндеттері-қоғам санасында демократияландыру процесінің қайтымсыздығын бекіту, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы жұртшылықты хабардар ету және сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға бейімділікті қалыптастыру.

Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылдың 29 қаңтар күні Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен аудан орталығындағы жастармен «Конституциялық құқық таңдау және сайлану» тақырыбында жастарға сайлау жөнінде толыққанды ақпарат беру, олардың саяси, заңдық сауатын жетілдіру, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы, сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға бейімділікті қалыптастыру және басқа да сайлау процесіне қатысты өзекті мәселелер талқыланып кездесу өткізілді.



**Талгат БЕКҚҰЛИЕВ,**  
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

## «Жасыл» технологияны дамыту мәселелері

Сенат төрағасының орынбасары Ольга Перепечинаның төрағалық етуімен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мониторингі жөніндегі парламенттік комиссияны «ОДМ іске асыру шеңберінде Қазақстанда балама энергия көздерін және «жасыл» технологияларды дамыту» атты отырысына дайындық аясында жұмыс кездесуі өтті.

Жиында Қазақстан Париж климаттық келісімінің қатысушысы ретінде неғұрлым әртарапандырылған және «жасыл» экономика қалыптастыруға арналған құрылымдық өзгерістерді бастағаны айтылды.

«Еліміздегі булану газдары шығарындысының төрттен үш бөлігін құрайтын энергетикалық жүйені терең декарбонизациялау Қазақстандағы трансформацияның негізі болып отыр. Энергетикалық секторды декарбонизациялау бізге екі есе пайда әкелуі керек: көміртегі шығарындысын азайту мен климаттың өзгеру салдарын жұмсарту және таза отынға көшу арқылы атмосфераны ластайтын заттардың шығарындысын азайту», деді Ольга Перепечина.

Сенаторлар іс-шара барысында сутегі энергетикасын дамытуға инвесторларды тартуға жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті. Депутаттар жергілікті атқарушы органдар барлық қажетті инфрақұрылымды ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерінің жобаларына арналған ықтимал жер учаскесін алдын ала белгілеуі тиіс деп санайды.



Экология және табиғи ресурстар министрінің орынбасары Мансұр Ошурбаев «Жасыл» технология саласындағы жұмыс туралы баяндады. Ол Қазақстанда бірқатар заңнамалық құжатты қабылдау арқылы жасыл экономикаға көшу үшін ұйымдық-құқықтық негіздер жасалғанын хабарлады.

Кездесуде сондай-ақ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, «Qazaq Green» жаңартылатын энергия көздері қауымдастығының, Жас ғалымдар альянсының және Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының өкілдері баяндама жасады.

## Талапкер апелляцияға бірден бере алады

Ұлттық бірыңғай тестілеуде талапкер өзінің нәтижесімен келіспеген жағдайда бірден апелляцияға бере алады. Өйткені тестілеу бұрынғы қағаз нұсқадан электронды форматқа ауыстырылғаннан бері емтихан нәтижесін бірден көру мүмкіндігі пайда болды.

Қазіргі электронды тестілеуде талапкерлердің жинаған ұпайлары тестілеу соңында экранға шығарылады. Сонда көрсетілген қорытындысымен келіспеген жағдайда тестіленуші сол мезетте апелляцияға бере алады. Апелляцияға беруге тест нәтижелеріндегі сұрақтардың мазмұнына немесе техникалық кемшіліктерге қатысты мәселелер себеп болуы мүмкін. Сұрақтардың мазмұны бойынша апелляция тестілеу аяқталғаннан кейінгі алғашқы 30 минутта беріледі. Апелляция дәлелді түсініктемемен негізделуі керек. Ал егер тестіленуші дұрыс жауапты табуға кедергі келтіретін тапсырма шарттарында фрагменттің (мәтін, схема, сызбалар, кестелер) жоқтығын анықтаса, техникалық себептер бойынша апелляцияға беруі қажет.

Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев аталған мәселеге қатысты: «Апелляцияны тек қызық көріп немесе қосымша ұпайларға үміттеніп, тиісті негіздемесіз беруге болмайтынын атап өткен жөн. Апелляция сұрақтардың немесе жауаптардың сәйкес келмеуі, сондай-ақ техникалық себептер бойынша ғана берілуі керек. Апелляциялық сұрақтардың барлығын



Республикалық апелляциялық комиссия 30 жұмыс күні ішінде қарайды», деп түсініктеме берді.

Тестіленуші сертификатын апелляциялық шағым туралы шешім қабылданғаннан кейін жеке кабинетінен көре алады.

Еске сала кетейік, қаңтар айындағы ҰБТ басталғаннан бері 53 мыңнан аса адам тест тапсырды. Оның ішінде талапкерлердің 73,6%-ы қазақ тілінде, 26,3%-ы орыс тілінде, 35 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті. Шекті ұпайды 73%-ға жуық талапкер жинады. Орташа ұпай 65-ті, ең жоғары ұпай 134-ті құрады. Тестке қатысушылардың басым бөлігі «Математика-Физика» және «Биология-Химия», «Математика-Информатика» бағытын таңдаған. Ең аз таңдалғаны «Химия-Физика» бағыты болып тұр.

Орталық басшысы Р.Емелбаевтың айтуынша, 63 ереже бұзушылық анықталған. Оның

ішінде 43 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту ерекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 20 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Бөгде тұлғалар болған жоқ.

Айтпақшы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлерге де тестілеуді өзге замандастарымен бірдей тапсыруға жағдай жасалған. Мысалы, қаңтардағы ҰБТ-ны дәл осындай 158 талапкер тапсырыпты.

2024 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін биылғы қазан айының соңына дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда тусушінің ҰБТ нәтижелері жойылатынын атап өткен жөн.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Аудан орталығында әлеуметтік такси пайдалануға берілді

Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» КММ-де мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетуге арналған әлеуметтік такси пайдалануға берілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, мекемеге «KATCO» қазақ-француз біріккен кәсіпорны» демеушілігімен алынған жаңа көліктің кілтін табыстады.

— Біз жаңа жыл мерекесі қарсаңында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ-ның демеушілігімен алынған 2 жедел жәрдем автокөлігін ел игілігіне табыстасақ, бүгін әлеуметтік орталықта қызмет алатын мүгедектігі бар балалардың қозғалысына қолайлы жағдай жасауды «KATCO» қазақ-француз біріккен кәсіпорнымен бірлесе шешіп отырмыз. Қазіргі уақытта бұл кәсіпорын әлеу-

меттің алдындағы жауапкершілікті адал атқарып келеді. Алдағы уақытта да елдің игілігіне бағытталған нақты жоспарларымыз бар. Жаңа көлік осындағы балаларға сапалы қызмет етеді деп сенемін, — деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Айта кетейік, орталықтың үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің қарамағындағы 20 мүгедектігі бар бала Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінен қызметтер алуда. Заманауи жабдықтармен жасақталған әлеуметтік такси күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу бөлімшесіндегі 40 мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетеді. Бұл қызмет түрі бұған дейін мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы жүргізіліп келген.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН КЕНТ ӘКІМДЕРІНЕ НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте бірқатар ауылдық округтер мен кент әкімдері өткен жылы атқарылған жұмыстары және алда тұрған міндеттері туралы баяндама жасады.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер мен аудан көлемінде атқарылар жобаларға жеке-жеке тоқталып, округ әкімдері мен сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктелді.

—Өткен жылы аудан аумағында ауқымды жобалар бастау алып, көптеген жұмыстар атқарылды. Биылғы жылға да нақты жоспарлары-

мыз бар. Әр ауылдағы түйткілді мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуға. Мәселен, осы жылы Қаратау ауылдық округінде 800 млн-нан астам қаржыны құрайтын жобалар іске асырылмақ. Сіздердің міндеттеріңіз атқарылар әрбір іске салғырт қарамай, халықпен тығыз байланыста болу. Тек мұнымен шектелмей, ауылдардағы жұмыссыз азаматтардың тізімін жасақтау қажет. Азаматтарды тиісті жұмыс орындарына ұсынып, ауыл халқының табысын арттыру ауыл әкімдерінің тікелей міндеті. Бұл бағыттағы жұмыстарды барынша ширатып, нақты іске көшуді тапсырамын, — деді

аудан басшысы.

Сонымен қатар, мәжілістің күн тәртібіндегі келесі мәселе бұған дейінгі өткен жиындарда сала мамандарына, ауылдық округтер мен кент әкімдеріне жүктелген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде аудан әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаров хабарлады. Бұл жөнінде аудан басшысы хаттамалық тапсырмаларға немқұрайлылық танытқан басшылар мен округ әкімдерінің мәселесі қаралатынын қатаң ескертті.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## «Қыл қобыздың құдіреті» атты күй кеші өткізілді



Қазақтың қобызшы-композиторы, Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген өнер қайраткері Жаппас Қаламбаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Қыл қобыздың құдіреті» атты күй кеші өткізілді.

Күй кешінде кітапханашы А.Сарыбаева күй

өнерінің дамуына саналы ғұмырын арнаған Жаппас Қаламбаевтың өмір деректемелерімен таныстырып, «Сырлы саздың шебері» атты кітап көрмесіне шолу жасады.

Іс – шарада ауданымызда орналасқан Ахмет Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің домбыра пәнінің мұғалімі Жүзбаев Мақсат өнерлі шәкірттеріне Ж.Қаламбаевтың «Жұман күйі», «Кең өлке» «Қасқырдың ұлығаны» күйлерімен қоса Жаппас Қаламбаевтың өнердегі ұстазы Сүгір Әліұлының «Ыңғай төкпе» күйлерін шерткізіп, оқырмандардың күй өнеріне деген махаббатын арттыра түсті.

Мақсаты: Күйші –композитордың шығармашылығымен оқырмандарды таныстыру. Балалардың есте сақтау және домбыра ойнау, қобыз тарту шеберлігін шыңдау. Үлкенге деген құрмет, кішіге деген ізетті ұғындыра білу.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Конкурс негізінде мектеп директорлары тағайындалды



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйры-

ғына өзгерістер енгізу туралы» бірлескен бұйрығына Түркістан облысының білім басқармасы жанынан құрылған конкурстық комиссияның 2024 жылғы 23 қаңтардағы хаттамасына сәйкес Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына Күзенбаев Айбар Сабарбекович, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Ш.Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына Түйешіұлы Бекжан және Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына Сейтқазиева Бақтыгүл Ғаниқызы тағайындалды.

Жаңадан тағайындалған басшылар мектеп ұжымына таныстырылып, тиісті міндеттер жүктелді. Бөлім тарапынан педагогикалық ұжымға алда тұрған міндеттер айқындалып, түсіндірілді.

**Созақ ауданының білім бөлімінің баспасөз қызметі.**

Жуырда Астанада «Білім берудегі жаңа өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында іріктеуден сәтті өткен үміткерлерге сертификат тапсыру рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев «Сіздер нағыз көшбасшылар ретінде еліміздегі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек. Ең бастысы – балаларымыз бен педагогтерімізге жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру», — деп атап өтті. «1000 өзгерістер көшбасшысы»



## 1 МЕКТЕПТЕН 2 СЕРТИФИКАТ ИЕГЕРІ ШЫҚТЫ

жобасы – еліміздегі білім саласын дамытудың жаңа кезеңі. Жобаға қатысушылар 8 ай іріктеуден өтті. Онда кадрлардың кәсіби, басқарушылық, аналитикалық дағдылары есепке алынды.

Осы жобаға Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп директорының орынбасарлары Мамырғали Құрманбекұлы БАИС пен Ержан Артықұлы СЕЙДАХМЕТ қатысып, сертификатқа ие болды.

Айта кетейін, Созақ ауданы бойынша аталған жобаға қатысушылар арасынан бір мектептен 2 бірдей сертификат иесі шыққанын қуана жеткізім келіп отыр.

Әріптестерім болашағынан көп үміт күттіретін кадр ретінде топ жа-

рып, заманға сай көшбасшы болуға лайық екендіктерін дәлелдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылдан бастап президенттік Жастар кадрлық резервінің үлгісі бойынша білім берудегі өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау жөніндегі жобасын өте орынды деп білемін.

Іріктеуден өтіп, сертификатқа ие болған әріптестеріме сәттілік пен қызметте биік абырой, табыс пен өз ісіне деген адалдық тілеймін.

**P.S.** Түркістан облысынан аталған жоба бойынша 26 үміткер сертификатқа ие болды.

**Ерік ДОСБОЛОВ,**  
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

# Зорлық-зомбылықсыз қоғамда өмір сүру құқымыз

«Тағы бір мәселені айтпай кетуге болмас. Кейінгі кезде қоғамда зорлық-зомбылық пен қатыгездік белең алып барады. Әйелдер мен балалардың әлімжеттік көргені, соққыға жығылғаны туралы ақпарат күн сайын шығады. Осындай қылмыстардың тамырына балта шауып, біржолата тосқауыл қою үшін мемлекет тарапынан не істеліп жатыр?»

Бұл, жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Дихан Қамзабекұлының Мемлекет басшысымен болған сұхбаты кезінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа қойылған көп сұрақтың бірі еді. Сонан бері қоғам болып талқылап жүрген сұхбаттағы Дихан әріптесіміздің нақ осы сауалына Президентіміздің жауабы мынадай мазмұнда болды:

—Мұндай қылмыстардың алдын алып, жолын кесу үшін менің тапсырмаммен нақты шаралар қабылданды. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатын болды. Сондай-ақ ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді. Біз мұнымен шектелген жоқпыз. Былтыр отбасындағы тәрмстық құқық бұзушылықпен күрес тәсілдерін қайта қарадық. 1 шілдеден бастап полиция жәбірленушінің шағымын емес, қылмыстың анықталуын негізге алып, қылмыстық істі тіркеуге көшті. Яғни мұндай қылмыстарға қатысты іс қозғау үшін зорлық-зомбылықтан жапа шеккен адамның арызы қажет емес. Тәрмстық зорлық-зомбылық жасағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейтілді. Жәбірленуші қайта-қайта қысымға ұшырамауы үшін бұдан былай мұндай іске қатысты тараптарға екінші рет татуласу мүмкіндігі берілмейтін болды. Сондай-ақ Мәжілістің бір топ депутаты халыққа Жолдауымын аясында тәрмстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр».

Иә, Мемлекет басшысы айтқандай өкінішке орай біздің қоғамымызда әйелдер мен балалардың зорлық-зомбылыққа ұшырау оқиғалары тіпті көбейіп кетті. Сондай-ақ, мемлекет бұл індеттің алдын алу, жолын кесу үшін түрлі шараларды қолға алуда. Бұған күнделікті өмірде әрі журналист әрі қоғам белсендісі ретінде өзім де күнделікті күе болып жүрмін. Тіпті, Президентіміз жоғарыда келтіргендей, Парламент қабырғасында зорлық-зомбылыққа қатысты арнайы заң да әзірленіп жатыр. Дегенмен, халық арасында: «билік тарапынан қарастырылып жатқан осы шаралар қоғамымыздағы зорлық-зомбылықтың толықтай алдын алып, тосқауыл бола алар ма екен?» деген күдік те жоқ емес. Себебі, бұл әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық біздің қазақ қоғамында бүгін ғана пайда болған жоқ. Олай дейтінім, тарихшы ғалымдарымыздың айтуынша Орта Азия халықтарының арасында бой жетіп отырған қыздарын бай-манаптарға дүниеге, яғни, қалың малға жығып беру үрдісі кеңес заманынан алдын кеңінен етек алған көрінеді. Әрине, мұны қайсыбір хақ дүниесі исламның дұшпандары мұсылманшылықпен байланыстырғылары келеді. Бірақ, бұл білімсіздіктен басқа ештеңе емес. Айтпағым, хақ дін Исламды ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед адамзат қоғамына насихаттап келгенге дейін, жалпы адамзат қоғамындағы әйелдер мен балалардың құқығы аяқасты болғанын Ислам тарихынан оқып білуге болады. Тіпті, бұл кезеңге әлем тарихшылары: «Жәһилият (надандық) дәуірі» деген

атау да берген. Сол, жәһилият дәуірінде әйелдер мен қыздарға ер азаматтар тура бір тауар секілді қараған. Ең сорақысы, арабтар қыз баласы дүниеге келсе, жаугершілікте күндікке түсіп, руымыздың абыройын аяқасты етеді деген надандық түсінікпен сәби кезінде тірідей көміп тастап отырған. Ер азамат өзінің өгей анасын әкесі өлген соң, некесіне алған. Бір еркек мал секілді ондаған, жүздеген әйелдерді әйелдікке, күндікке алған. Міне, нақ осы адамзат баласының надандықтың шарықтау шегіне жеткен кезеңінде Жаратушы Жаббар иеміз адасқан адамзат қоғамына Елшісін жіберіп, шариғат заңымен әйелдер мен қыз балалардың құқықын қорғаған. Нақтырақ айтсам, ерлердің әйелдерге мүлкі секілді қаруларын, әкелерінің жесірлерін балаларының некелеп алуларына және қыз балаларын тірідей көмулеріне қатаң тыйым салды. Ал енді, көп әйелділіктің де санын қысқартып, төрт әйелге дейін ғана некесіне алуға рұқсат берді. «Жәннат ананың аяғының астында»; «Үш қызды дүниеге әкеп, жақсылап тәрбие берген адам жәннатқа кіреді» деген мазмұндағы Пайғамбар есиетімен әйел-аналар мен қыз балалардың мәртебесін биіктетіп тастады. Сондай-ақ, «Ер адам үшін анасы, әйел адам үшін ері жәннаттың қақпасы» деп, ана менен ер азаматтың қоғамдағы орынын белгілеп берді. Тіпті, әкеге қарағанда ананың әлсіз болатынын ескеріп, үш рет кімге жақсылық жасайын деп келген жас жігітке: «анаңа, анаңа және ананың құқығын еселеп көтеріп тастады. Мінеки, ағайын! Бұл хақ дүниесі Ислам арқылы Алла тағаланың сонау 6 ғасырда-ақ әйелдер мен қыз балаларының құқықын қорғап қоюына бұлтаратпас дәлел еді. Ал енді, сол ортасынан Пайғамбар шығаруға мұқтаж болған араб халқы аналарының, әйелдері мен қыздарының құқығын аяқасты етіп, надандықтың шегіне жетіп жатқанда, біздің әлемді жаулаған батыр бабаларымыз қызын төрінен түсірмеген. Аналарын ардақтап, әйелдерін ұрпағымызды жалғастырушы деп аялаған. Егер, тарихқа көз жүгіртсек біздің қазақ қоғамында әйелдерге қатысты тәрмстық зорлық-зомбылық көрсету кеңес кезінде ғана пайда болған болатын. «Тың игеру» деген солақай саясаттың нәтижесінде елімізге жер аударылып келген орыс мұжықтарынан біздің халқымыз екі түрлі індет жәңгірді: бірі арақ ішу болса, екіншісі мас халінде әйелін сабау. Мұның соңы даламызда бұған дейін болып көрмеген, ерлі-зайыптылардың ажырасуы мен отбасылардың күйреуіне алып келді. Нәтижесінде, байының тірісінде жесір, әкесінің тірісінде жесір қалғандардың қатары артты. Тіпті, маскүнемдікке салынған талай ата-аналарды баланы бағу құқығынан айыру жағдайы да арақидік орын алды. Мұсылман үмметі, түркі миллеті, қазақ ұлтының талай ғасырлық тарихына таңба боларлықтай «жетімдер мен қарттар» үйі қаптап кетті даламызда. Ал енді, осылардың барлығына өкініп: «Көрер көзіміз бұны да көрдің бе?» деп, егемен ел болсақ есімізді жиямыз ба дегенде ендігі жағдайымыз бұрынғыдан да бетер боп кетті. Олай дейтінім, «Адамдардың басына бір бәле келгенде кәдімгідей сарсылып қалады. Алайда, онан соң келген бәле одан да қатты болғаны себепті, алдыңғы көргені олар үшін жеңіл болып қалады» деп, дін ғұламалары айтпақшы, қазіргі таңдағы: балалар арасындағы буллинг, педофилия, лудомания, нашақорлық, біржыныстылық, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық т.б қылмыс түрлерін көріп-естіп жағамызды ұстатын, ернімізді

тістейтін жағдайға жеттік. Өйткені, батыстан демократиялық құндылықтардың көлеңкесі секілді келіп, күнделікті өмірімізде қалыпты жағдайдай көрініп жатқан бұл келеңсіздіктер біздің қоғамымызға сұрқия саясаттың нәтижесінде сыналап қағылып жатқан бұзықтықтар. Бірақ бұл бұзықтықтардан тек, заңды қатаңдатып, қадағалауды арттырумен ғана құтыла алмаймыз. Менің бұлай деуіме себеп, мұндай қылмыстарға қатысты қатаң заңдар шығарып, қадағалауды күшейткен елдердің өзінде жоғарыда айтылған жамандықтар жойылып кеткен жоқ. Иә, азайды, бірақ бар! Бұдан шығатын қорытынды, заңды қатаңдатып, қадағалауды күшейту қажет, алайда, мұнымен ғана шектеліп қалмауымыз керек. Керісінше, ғасырлардан бері жасап келе жатқанымыздың басты себебі ұлттық иммунитетімізді, идеологиямызды мықтауымыз керек. Ал енді, ұлттық иммунитет, идеология деп отырғаным, тіліміз бен тарихымыз, дініміз бен дәстүріміз, ұлттық құндылықтарға негізделген қазақы тәрбиесіміз. Осы ретте, тағы сол тарихи туындыларын (киноларын) өзім тамшалап көретін Түрік халқын мысал еткім кеп отыр. Неге Түрік халқы? Өйткені, Түрік халқы мұсылман-түркі халықтарының ішінде ешқашан, ешқандай жағдайда біреуге бодан, отаршы елдерге отар болмаған біреу халықтың бірегейі. Оған себеп, бұлар жаңағы мен жоғарыда сөз еткен ұлттық иммунитеттерін, идеологиясын жоғалтып алмаған жалқы ұлт. Бұған қажетті дәлелді, сонау Селжуктар заманынан тартып, Оманлылар кезеңінен кертіп, Абдулхамид Хан мен Ататүрік уақытынан бері қарайғы тарихтан, шежірелерден шығарып алуға да болады. Мысалға: Түрік халқы үшін Мемлекет (девлет), Үммет (мұсылманшылық), Миллет (түркішілдік), Отан, Ту (байрақ), Тарих, Төре (жеті жарғы секілді), Әділдік, әке-шеше, арын сақтаған әйел, жолын жалғайтын ұл, өміріне сән беретін қыз сынды көптеген рухани құндылықтарының маңызы өте зор. Міне, осындай ұлттық құндылықтары үшін олардың кәрісі мен жасы, еркегі мен әйелі, ұлы мен қызы, бұқарасы мен билігі елуге пейіл ғой. Мынау, қазіргі таңда Қазақстан теле арналарында, Ютуб арналарында жүріп жатқан түріктің тарихи киноларының қандайын алып қарасаңыз да, қаражатының қомақтылығына немесе қораштығына қарамастан идеологиялық жағынан мықты туындылар түсіріп жатады ғой. Солардан: Селжуктар мен Османлы империяларына қатысты: Ертұғрыл; Алпарслан, Осман; Сұлтан Сүлеймен; Сұлтан Мехмет сынды көркем фильмдерін қарасаңыз барлығы да балаларын жастайынан ұлтшыл, миллетшіл, діншіл етіп тәрбиелейді ғой. Тіпті, ол үшін әр рудың, тайпаның ішінде темір ұста-сы секілді балаларын ұлттық рухта тәрбиелеу үшін оларға батырлар жырын, аңыз-ертегілер, ата-бабаларының шежіресінен сыр шертетін абыздарды шығарып қоятынын қайтесің. Сонымен қатар, қай тарихи киносын алсаң да біздің Құл Қожа-Ахмет Иассауи секілді рухани ұстаздары батырлары мен билеріне, тайпа көсемдеріне және хан-сұлтандарына үнемі имани тұрғыдан дем беріп, жол көрсетіп жүреді ғой. Тағы да, қашан да өздерінің ата жұрттары Түркістан жері екенін айтып, әлгі рухани көсемдерінің барлығы да сопылық мектептің «Иссауи» тарихатынан екенін насихаттаудан танбайды. Әне, ағайын! Мен жоғарыда сөз еткен Жаһандану секілді солақай саясатының артында тұрған құпия топ біздің де күшті тұстарымыз бенен осал тұстарымызды және ғасырдан

астам уақыт отаршылдықта, бодандықта болғанымызды әбден зерттеп алған ғой. Сондықтан құлдық сананы бейінімзге тықпалаумен әуре болуда. Бізге жандары ашығансып, тоталитарлық жүйенің шеңгелінен құтқармақсып, құнсыз құндылықтарын тықпалаумен боп жатыр. Қарапайым ғана мысал, «Балалар құқы» деген шартқа қол қойдырып алды дағы, қазақ қоғамындағы ең құрметті тұлға ұстаздардың беделін аяқасты етіп алдық. Нәтижесінде, ұстаздарымыз балаларды тәрбие мақсатында ұрыспақ түгілі, дауыс көтеріп сөйлесе сотты болатын жағдайлар жиілеп кетті. Дегенмен, бұл заң мұғалімнің мәртебесін жергілікті биліктің алдында ғана аздап көтергенімен ата-ана менен баланың алдындағы мәртебесі мәңгі күйінде қалды ғой. Енді мына, зорлық-зомбылыққа қарсы заңның шығатынын естіген еліміздің есті азаматтары: «Бұл заңды барынша талқылап, жан-жақты жетілдіру қажет. Себебі, әйелдердің құқықын қорғаймыз деп жүріп, ер азаматтарымыздың құқықын шектеп алмайық!» деп, дабыл қағуда. Осы жерде сол есті азаматтардың алаңдаушылығын қаншалықты орынды екеніне бірер мысал келтіріп кеткім кеп отырғаны. Міне, бір-екі апта болды Түркістан облысы бойынша мемлекеттік емес ұйымдардың төрағаларының қатысуымен азаматтық қоғамның белсенділігі мен құқықтық сауатын арттыру бағытында тренинг сабақтар өтуде. Соған ауданымыздан «Асар» мүгедектер ұйымының ауданымыздағы өкілі Саржанов Біржан мен «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде мен қатысудамыз. Сол тренинг сабақтардың бірінде Қазығұрт ауданынан қатысып отырған бір әріптесім: «Біздің ауданымызда 35 әйел, 8 ер азамат құқық қорғау орындарына тәрмстық зорлық-зомбылық көрдім деп, арызданыпты» демесі бар ма! Өздеріңіз қараңыздаршы, о заман да бұ заман, әйел адамның тәрмстық зорлық-зомбылық көрдім деп заң орындарына жүгінгенін естіп-көріп жүрсең-те, ер азаматтың әйелінің үстінен арызданғанын естігендеріңіз бар ма? Ал енді, бұл біздің мұсылманшылығымызға, ұлттығымызға мүлдем жат дүние емес па еді? Тағы да модераторымыз сабақ үстінде: «Демократияның отаны АҚШ-та бір қыз анасының үстінен сотқа былай деп шағымданыпты: «Анам мені туарда неге менің жынысым жайлы менімен ақылдаспады? Сол үшін де оны жауапқа тартуларыңызды сұраймын депті»-деп, сұмдық мысал келтірмесі бар ма? Содан, барлық қоғамдық ұйымдардың төрағалары мына сұмдықтарды естіп, жағамызды ұстадық. Мінеки, құқықтың жүйесі әбден жетіліп, демократияның үлгісі болып жүрген батыстың барған, жеткен жері осы! Демек, бізге де құқық саласын жетілдіруде, демократияны күшейтуде, тәрмстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң қабыоладуда өз халқымыздың, ұлтымыздың менталитетін ескеру қажет. Қанша жерден құқықтық саласы дамып, демократияның шыңына шықса да өзгенің қаңсығына таңсық болуды қойып, керегін алып, керексізін қарсы сүзгі қалыптастыруымыз керек! Әйтпесе, бүгін әйелі ерінің, ері де әйелінің үстінен сотқа арызданып, құқымызды талап етеміз деп жүріп, ертең, біздің балаларымыз үстімізден шағым түсіріп, ата-аналық құқығын айырылған дүбара қоғамға айналып жүрмейік, ағайын! Иә, зорлық-зомбылықсыз қоғамда өмір сүру құқымыз! Алайда, адам болып қалу, отбасы, ұлттық құндылықтарын сақтап қалу да құқымыз!

Алашорда қайраткері Смағұл Сәдуақасов: «Қазақ елі... мақсатына жету үшін ең әуелі өзінің ұлт екенін біліп, ұлттығын танып алуы керек», - деп болашақ ұрпаққа өнегелі сөзін қалдырған. Қазақтың ұлттық келбетін анықтаушы маңызды құндылықтар қатарына дін де жатады. Ұлттың рухани жаңғыруы жолында дәстүрлі діни танымнан алашақтамаудың маңызы өте зор. Себебі қазақ ұлтын ұйыстырған қайнар көздердің біразы өз бастауын діннен алған. Қазақ халқы арасында кеңінен таралған «Дінің тұрсын дін аман» деген мәтелдің тағылымдық мәні жоғары. Дәстүр – ұлтты рухани жан-

ның бойында сан ғасырлардан бері келе жатқан дінге қатысты өзіндік тамыры терең жол бар. Ол халықтың рухани-моральдық ұстанымдарында (ар, ұят, обал, сауап т.б.) көрініс тапқан. Бүгінгі міндет аталған негіздерді күнделікті өмірде басшылыққа алу және жастарға насихаттау болып табылады.

Ислам діні қазақ ұлтының ұлт ретінде қалыптасуына, әдеп пен құқық нормаларының орнығуына тікелей әсер етті. Дін ислам қазақ даласындағы материалдық және рухани мәдениеттің өрістеуіне жол ашты. Ж.Баласағұн, Қ.А.Яссауи, А.Йүгінеки, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайберді-

## Алашты оятқан-Оян қазақ!

Алаштың ағартушылық, демократтық бағыттағы ақ семсер арыстарының бірі, аумалы-төкпелі заманда қазақ елінің болашағы үшін өз басын қатерге тіккен тектілердің төресі—Міржақып Дулатұлының есімі бұл күнде зор ілтүпатпен аталады.

Міржақып Дулатұлы 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметінің белді мүшесі, Алашорда үкіметінің бағдарламасын жасағандардың бірі болғаны тарихи деректерден белгілі. Міржақып—қазақтың ертеңі үшін туылған жан.

Адамзат тарихында қилы-қиямет оқиға-

Қазақтың тұңғыш «Серке» газетін Санкт-Петербург қаласында Ресей империясының астанасында шығарды. 1913 жылы қазақ, қазақ емес, «қырғыз» атанып жүргенде «Қазақ» деген атпен ұлы Ахмет Байтұрсынұлымен тағы бір газет шығарды. 1915 жылы Ақмола жерінде «Бақытсыз Жамал» романы бойынша пьеса қойды. Алаш әскерін құрды. Алаш маршын жазды. Бірінші Қазақ Конституциясының авторларының бірегейі. Міржақыптың кереметтілігі—қазақтың тұңғыш математигі! Ең бірінші математикадан «Есеп құралы» деген 5 кітап шығарды. 1907 жылы

## Ислам және қазақы салт-дәстүр

дандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттар. Түрлі тарихи оқиғалар болса да дәстүрлі діннің тағылымы негізінде болған. Дін мен дәстүр қашанда бір-бірімен сабақтасып келген. Дін—адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Жер шары халықтарының көп бөлігі өзін белгілі бір сенім-наным жүйесімен байланыстырады. Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі— халқымыздың батырлығы мен ерлік дәстүрін паш етеді.

Дәстүрлі діни таным—халықтың дүниетанымымен, салт-дәстүрімен, мәдениетімен өзара үйлесім тапқан рухани құндылықтар жүйесі. Қазақ руханиятындағы исламның салмақты орны 2011 жылы 11 қазанда қабылданған «ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында да аталып, елімізде «Ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі танылатыны» көрсетілген. Осы заңда аталғандай ханафи бағытындағы исламның мемлекетіміздің тарихында алатын орны ерекше. Ғасырлар бойы қазақ ұлтын ұйыстырған, татулығын сақтаған маңызды құндылық дін болатын.

Қазақ халқының діні, дәстүрі, дүниетанымы ғасырлар бойы өзара кірігіп, бөлінбес бірегей құндылыққа айналды. Дәстүрлі құндылықтардың сақталуы мен жандануы ұлттық болмысты сақтап, ұлттық мінезді тірілтеді. Қазақ өз мінезіне оралса, ешқашан шетін діни көзқарастарға бой алдырмайды. Себебі қазақ—мәмілегер (толерантты) халық, оның болмысында шетін көзқарасқа бейімділік жоқ. Бүгінгі біздің міндет—дінімізді, салт-дәстүрімізді ұлықтай білу, ғасырлардан бері жалғасқан ұлттық тамырдың сабақтастығын үзбеу болып табылады. Осы орайда қазақ қоғамына дін мен дәстүр құндылықтарын жаңғырту шаралары аса қажет. Бұл мақсатта, ең алдымен ұлт бойындағы рухани әлеуетті тиімді пайдалануды ескерген жөн. Қазақ халқы-

ұлы, М.Ж.Көпеев, Ф.Қараш, Ә.Кердері т.б. ойшылдар қарапайым халыққа дін насихатын биік дәрежеде жеткізді. Бүгінгі заманда да ислам қазақ ұлтының бірегейлігінің сақталуына, рухани жаңғыруына, ұрпақ тәрбиесінің дұрыс арнада болуына өз үлесін қоса алатындығы ақиқат. Дәстүрлі діни сана ұлттық қайнар көздермен сабақтасқан маңызды құндылық. Оның арнасы дұрыс бағытта жүрсе қазақ ұлты да жаһандану заманында өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап қала бермек.

Дәстүрлі Ислам—адамгершілік пен парасаттылықтың, қайырымдылық пен ізгілік діні. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі дінін, әдет-ғұрпын жоққа шығарып, іріткі салушы кереғар діни топтар бар, олар қайдағы бір ағым, секталардың сойылын соғып жүргендер. Дәстүрді дәріптеп ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра деп қадірлеп ұстансақ діннен де шет қалмаспыз анық. Себебі қазақ сондай дана болған әр дәстүрдің түбінде дінді ұштастырып отырған.

Қазіргі таңда әртүрлі бағыттағы діни ұйымдар өз жақтастарын көбейтуге тырысуда. Осыған байланысты біз ұлттық тұтастығымызға қауіп төндіретін діни ағымдарға дәстүрлі діни танымдымызды ұлықтау арқылы ғана қарсы тұра алатынымызды есте ұстаған жөн. Отанын сүйетін, ата-бабалар аманатына адальдық танытқысы келген әрбір азамат, әрбір отбасы шетелдік идеологиялар аясында қалыптасқан діни ағымдардан өз бойын аулақ ұстағаны абзал.

Қорыта айтқанда, ұлттық асыл құндылықтарымызды дәріптей отырып, оны паш ету—баршаға парыз. «Дінді ұстай алсаң—қасиетің, ұстай алмасаң—қасиретің» дегендей, ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі дініміз бен әдет-ғұрпымызды қадірлеп, құндылықтарымызды дұрыс сақтай алсақ қана теріс ағымдар насихатына тосқауыл қоя аламыз.

**Айдос ҚҰРМАНБЕК,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.**



лармен, дүбірлі даму үрдісімен ерекше орын алған XX ғасырдың басы қашаннан еңбегі еш, тұзы сор қазақ халқы үшін де сындарлы кезең болғаны белгілі. Осындай талма тұста, шешуші сәтте ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен алтын айдарлы арыстарымыздың халқының жоғын жоқтап, мұңын мұңдап, аузы алты қарыс патша өкіметіне қарсы бас көтерген қазақ азаматтарының іс-әрекеттерін ұлт азаттығы үшін күрес деп бағалаған жөн. Басым көпшілігі сауатсыз, қараңғыда бұйығып жатқан елді оятып, жаңаша өмірге, еркіндікке, елдікке тарту, әлбетте, оңай бола қойған жоқ. Соның үшін де Ахмет – ұйықтап жатқан елді оятарма екен деп «Масасын» ұшырды. Міржақып – «Оян, қазақ!» деп ұран салды. Сұлтанмахмұт – «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп жалын атты. Әлихан – орыс газеттеріне қазақ жерін қалай болса солай тартып алып жатқан, қазақтарды шоқындыруды көздеген патша саясатына қарсы мақалалар жазды.

Міржақып десе – «Оян, қазақ!», «Оян, Қазақ!» десе – Міржақып еске түседі.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қарағым, енді жату жарамас-ты, -деп жырлаған Міржақып қазағының ешбір ойсыз, харакетсіз «қалғып» жүргенін, сөйтіп бәрінен құр қалғандығын ашына жырлайды. Әмірді босқа өткізбей, өзге елдер тәрізді жарыққа ұмтылуға шақырады. Ел басына күн туғанда «етігімен су кешіп», біртұтас Алаш идеясы төңірегінде жазылған ақынның бұл өлеңі күллі халықтың оянып, бостандыққа қол жеткізуін аңсаған, ізгі тілектен туындаған игі шығарма. Ресей патшалық үкіметінің шымбайына тиген бұл кітап XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы түрлі топтардың бәрінің көңілінен шыққан. Бүкіл халықтың көңілінен шыққан бұл кітаптың елге ұнағаны соншалықты, кітапты мешіттер, молдалар елге таратты. Осыдан-ақ, бұл кітаптың мән-мағынасын, маңызын байқауға болады. Патша өкіметі кітап авторының соңына түсіп, кітапты оқуға тыйым салды. Соған қарамастан халық арасында таралып, тіпті, сол кездері қыз артынан жасауға да қосылып берілген дәстүрде болған.

Әлем тарихында Міржақып қазақ үшін өте үлкен еңбектер істеді. Ең бірінші – «Оян, қазақ!» деген манифестін, қазақтың тұңғыш романы—«Бақытсыз Жамалды» жазды.

Польша астанасы Варшавада халықаралық тіл—«Эсперанто тілі» қоғамының төрағасы да болды. 1914 жылы Мәскеу Шығыстану институты әйгілі шығыс классиктерінің шығармаларын құрастырып «Шығыс жинағы» деген кітап шығарған. Сол кітапқа қазақтан Абай мен Міржақып қана кірген. Яғни, қазақта сол кезде Абайдан кейінгі екінші әлемге танылған осы кісі еді. Ол – қазақтың маңдайына бақ болып біткен сөнбес жарық жұлдыздарының бірі болды.

Ақын өте жылдам жазған және өте өткір тақырыпқа жазған. Елдік сұранысты жақсы білетін журналист болды. «Қазақ» газеті сондай сапада, сондай мазмұнда, сондай биіктіктен көрінуіне ақынның еңбегі орасан. Сол кездері көпшілікке танымал болған «Қазақ» газетін Міржақып Дулатұлының қарымды қаламы, көк семсер сөзі, жалынды публицистикасының елестету мүмкін емес. Ол—қазақ журналистикасына жаңа сапаға көтеріп, елмен жалғастырып, саяси мазмұн, астар бере білді.

Алашқа азаттық әперу жолында басын ажалға байлаған ақын осыдан 88 жыл бұрын айдауда жүріп өмірден өткен еді. 2022 жылдың соңында ұлттың ұяты мен миятына айналған Міржақып Дулатұлы тұлғасы экранда көрсетіліп, 6 бөлімнен тұратын телехикая, биыл сол телехикаяның жинақталған үлгісі болып фильмі кинотеатрларда көрсетілді.

Ұлы тұлғалардың өмірін білу, үлгі ету, тарихын білу әрбір қазаққа абыройлы міндет. Халқының талайлы тағдыры үшін өз өмірлерін бәйгеге тігіп, тәуекел етіп, тас жұтқан арыс азаматтарымыздың рухы алдында тағы бір тағзым етеміз. Алашты оятқан «Оян қазақтың!» ел үшін, қазақ үшін мәртебесі биік, дәрежесі үстем.

«Оян, қазақ!»— бұл сөздің құдіреті де қасиеті де сол—осы отты өлеңнің жарық көргеніне ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол қаны тамшылаған өзекті күйінде қалып отырғандығы бүгінде қазақ байтағын індеттей жайлаған бойкүйездік, самарқаулық, жалқаулық, еріншектік – қысқасы ұлтымызды ұлық істерден кері тартып отырған барша кесапаттарды тап басып айта білген, содан арылуға үндейді, намысқа шақырады. Сондықтанда, тағы да «Оян, қазақ!».

**Гүлдарига БЕКЖАН,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.**

Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Елімізде дін мәселесі сөз болғанда негізгі мәселе ұлт тағдыры, мемлекет, зайырлылық, салт – дәстүр, мәдениет, мемлекеттің тізгінін ұстайтын, болашақта мемлекетіміздің бұдан ары өркендеп дамуына үлес қосатын жастарымыздың жағдайына зер салып қарайтын мәселелердің бірі.

Дін – адамзаттың қолы жеткен ең басты құндылықтары. Қоғамның сан түрлі саяси, әлеуметтік-экономикалық жүйелері бар. Алайда, Қазақстан Республика-

нықтыратыны көрініс тапқан. Сонымен қатар Ата заңымыз әрбір адамның діни сенім бостандығына келіпдік береді және конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктерге жол бермейтіндігі көрсетіліп кеткен. Ал Дүние жүзінде 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады.

Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді жоққа шығару емес. Зайырлылық адамның діни сенімге бостандығын мойындау, діндарлықты адам болмысына тән си-

Зайырлы мемлекет таза күйінде қандайда дінді ресми мемлекеттік деңгейге көтермейді және міндетті дін ретінде қарастырмайды. Алайда, кейбір демократиялық мемлекеттер ресми түрде діндердің кейбіреулерін мемлекет тарапынан қоғамға және кейбір мемлекеттік құрылымдарға әсеріне байланысты маңызды орны жайлы айтылады. Бұны біздің еліміздің мысалында да қарастыруға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында ханафи бағы-

## Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны

сы өзін зайырлы, құқықтық демократиялық, унитарлық қоғам деп таңдады. Қандайда бір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді. Дін мемлекеттен бөлінгенмен қоғамды бөле алмаймыз. Себебі дінді ұстанушылар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Мемлекет діни мәселелерді реттеп, миссионерлік қызметті және діни бірлестіктердің жұмысын қадағалаушы. Қазіргі күні діни мәселелерге қатысты мемлекетіміз тарапынан жасалынып жатқан іс-шаралардан, қоғамымызда орын алған кейбір келеңсіз жағдайларға немқұрайлы қарамайтынын байқауға болады.

Әлемде 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялағаны белгілі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде ор-

пат ретінде айқындау. Қазіргі таңда еліміздегі зайырлылық адами құндылықтарды басты орынға қоюдан, ар-ождан мен сенім бостандығын еркін ұстануды заң тұрғысынан қарастыруы. Зайырлы мемлекет діни таным құндылықтарын мойындап, мемлекетке зияны тимейтіндей қалыпта діни сенімнен адам болмысына жағымды әсерлер алу. Зайырлылық дінге – мемлекет тарапынан дінді адамзаттың негізгі құндылығы ретінде мойындау, оның қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлімен тығыз байланыстырады. Зайырлылық – азаматтарымыздың таңдау еркіндігі мен рухани ізденістің көптүрлілігін мойындау, ой-сананың сан алуан ізденіске бағытталатындығы мен діни тәжірибенің деңгейлеріне назар аудару. Зайырлы мемлекетте дүниетанымның көптүрлілігі құқықтық негізінде ретке келтіріліп отырады.

тындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы жазылған. Алайда, Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңда ханафи бағытындағы ислам мен православиенің маңызды орнын көрсетіп отыра өзінің зайырлы сипатынан айырылып отырған жоқ. Ислам тарихына көз жүгіртер болсақ алғаш Хабаштанға көшу және сол жердегі ел билеушісі Нәжашидің «Елімінің ешкімнің қолы тимеген ең таза аймақтарында озбырлық пен жауыздықтан ұзақта, тыныштықта өмір сүріңдер. Сендерге жамандық жасағандарды құртамын» деп сөзін қорытындылауы. Осының өзінде зайырлы мемлекеттегі діннің өзіндік орнын әу баста көрсетіліп отырғанын байқауға болады.

## Қазақ қоғамындағы халық билігінің маңызы мен рөлі

Әйтеке Байбекұлы: «Бақ деген – құс, ұшады да кетеді. Тақ деген – түс, кіреді де кетеді. Байлық деген – мұз, ериді де кетеді. Мәңгілік қалатын – адал іс. Өмірде адал іс қана мәңгілік қалатынына көзім жетті» - деп бір ауыз сөзбен нақтылап кеткен. Қайыр Мырза Әли болса: «Әкеңді білмеген ештеңе емес, қаптаған халықтың ішінен ұлтыңды білмеген не деген сұмдық!».

Халық билігі ең алдымен құқықтық принциптерден көрініс тапқан. Ол, мысалы, Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» - деген өсиеті, Майқы бидің:

«Хан-халықтың қазығы, Қараша – ханның азығы.

Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын,

Өлім жазасын халық өзі шешетін болсын», - деген өсиет сөздері кейінгі ұрпаққа үлгі, дауды шешуде билерге прецеденттік маңызы бар түйін ролін атқарды. Халықтың заң жүзінде мемлекеттік билікті басқаруы. Мұнда конституция билік халықтың қолында екендігіне дәлел болады. Халық жоғары билікке өз өкілдерін сайлау арқылы тағайындап, өзгертіп отырады. Демократия теңдік болған жерде ғана болады. Мұнда барлық салада – заң шығару, оны орындау, т.с.с. теңдік болады. Демократияда әділеттілік болуы керек. Мұнда да қоғамның барлық саласында әділеттілік болуы тиіс. Демократияда сонымен қатар бостандық, еркіндік болуы керек. Сонымен, демократия деп

халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылысты айтады.

Қазақ даласындағы құқықтық ережелердің қолданылу тарихы тереңде жатыр және оның өзіндік қайталанбас ерекшеліктері бар. Онда туындаған әдет-ғұрып нормалары ұлттық сана-сезімнің көрінісі әрі құқықтық мәдениеттің іргетасы. Қазақтарға ар-ождан қашанда қымбат, «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген сөзге бас иген. Қазақтың әдет-ғұрып нормалары адамгершілік қасиеттерге тұнып тұруы да сондықтан. Бір сөзбен айтсақ, көшпелі қазақтардың құқықтық мәдениеті халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық салт-санасына лайық еді. Яғни, әдет-ғұрып нормалары ұлттық болмыстың туындысы болды.

Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі мен басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті – дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі.

Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына тартымды толық билік

шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ. Бұрынғы қазақ жайын білетін жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» - деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жәп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтпін би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере болғандықтан түссе, әйтпесе түспесе» - деуі көп нәрсені аңғартады.

Қорыта келе қазақ қоғамындағы би қашан да хан мен халыққа қатар қызмет еткен. Шыңғыс ханның жанында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» аталған Майқы би, Әз-Жәнібек ханның қасында Асан қайғы би, Әз-Тәукенің жанында Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абылай ханның жанында Бұқар жырау сияқты кемеңгерлердің болуы осыған дәлел. Халық хан мен бидің мемлекеттің өміріндегі орнының маңызын ерекше бағалаған. Бұл келесідей нақыл сөздерден көрініс тапқан. «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары-білімі бар», «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды», «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ ханның ауылын жау араламайды».

**Қайрат САЛЫҚБАЕВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелері зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.**

## Ата қоныс-алтын мекен

Қоныс, ата қоныс – ел мекендейтін орын, көшпелілер дүниетанымындағы киелі мекен.

Уақыт пен кеңістіктегі қоныс ұғымы көшпелі жұрттың өсіп-өркендеуіне қолайлы жер-сумен, жайылымдармен, шұрайлы елді мекендермен үндестік тауып, шаруашылық-мәдени өмірдің даму үрдістерін айқындады. Ғасырлар бойы көшпелілерді қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, аңғарлардан, көне зираттардан құралып, ата жұртын белгіледі.

Атадан балаға мұраға қалған жерлермен халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, өмір сүру қарекеті байланысты болды. Дәстүрлі көшпелі тұрмыс-тіршілігі, төрт түлік мал, жер-ана, табиғат халықтың «құтты қоныс» ұғымын айқындап, материалдық-рухани игілігін, дүниетанымы мен төл мәдениетін қалыптастырды.

«Құтты қоныс» іздеу мақсатында халық табиғаттың қолайлы белдеулерінде жыл маусымдарына орай көшіп-қонып отырды. «Кір жуып, кіндік қаны тамған» жермен байланысты туған «ата жұрт, ата қоныс» ұғымында ру-тайпа меншігінде болған жер-аумақтың меншіктілігі, тұтастығы көрініс тапты. Түркі дәуірінде пайда болған «ата қоныс» ұғымы дәстүрлі дүниетанымдық ұстанымдар жиынтығына негізделіп, қауым арасында жерді пайдалану жүйесінің шарттары мен нормаларын қамтамасыз етті. «Ата қоныс» көшпелілер үшін қасиетті саналып, өз жерінің тұтастығының көпшілігі әрі көршілес жатқан мекендерге қол сұғуға болмайтындығын мойындауды білдірді.

Қазақтың классик жазушысы Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Ата қоныс» атты әңгімесі кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Шынайы, риясыз әңгімені оқып, көзіңізге еріксіз жас келеді. «Ата-қоныс» – ауылға деген сағыныштың айқын көрінісі. Әңгіменің тақырыбы ауыл, атамекен, туған жер, ауылды сақтап қалу идеясынан туындаған. Адам қанша жерден ауылын ұмытса да, күш-қуаты тасып, бойында қаны тулап тұрған кездегі өмірінің жарқын кезеңін еш ұмыта алмайды, бәрібір де жүрек түбінде жылы естеліктер сақталады.

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діни жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» көруендері тоғысқан кіндік Азияны басып өткен.

Қазақстанның табиғаты таңғажайып сан қилы. Мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жап толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай-ақ біледі.

Туған жер, Атамекенді өлең-жырға қосқан ақын-жазушылар қаншама. Отан оттан да ыстық қой. Ата қоныс жерден жырақта жүрсең, туған жерің қашан да жүрегіңде болады, елге жеткенше асығып, шіркін, көк жайлауым-ай, асқар Алатауым-ай деп аңсамайтын адам жоқ шығар.

Туған жерді ешнәрсеге де айырбастауға болмайды, осы ретте дана халқымыздың «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген нақыл сөздері өте орынды айтылған. Себебі, туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Қазақтың даңқты батыр ұлдарының бірі-Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деген екен. Шынында да осы Отан үшін, туған ел мен жер үшін отқа түскен кешегі батыр бабаларымыз, әлемде жер көлемі жөнінен тоғызыншы орын алатын осынау байтақ өлкені «ақ білектің ұшымен, ақ найзаның ұшымен», қорғап кейінгі біз секілді ұрпаққа аманаттап кетті. Қазақ елінің қай қиырына барсаңыз да тәуелсіздіктің желбіреген көк туын көріп, көңіл шіркін марқаяды. Себебі, дүние жүзінде қаншама ұлттар мен ұлыстар «ұлтарақтай» жерге ие бола алмай, жер дүниеде босып жүр. Осыларды көріп, аттөбеліндей қазағамы айлапат жерді нәсіп еткен Ұлы Алла Тағалаға мың сан шүкір дейміз. Енді, осы Отан-Анамызды көздің қарашығындай қорғау, кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті болып табылады.

**Нұрғиса САЙЛАУОВ,**  
**Теолог маман.**

# Өнер жолында өзіне сенген азамат

Студенттік жылдар бірде аш, бірде тоқ болып жүресің ғой. Сондай күндердің бірінде қасымда курстас досым бар, екеуміз Қазғуде оқитын Сартбаев Нұрғали, Садуақасов Талғат, Досыбаев Садырхан деген жолдас жігіттерімізді жатақханаларына іздеп барған едік. Күн жексенбі болатын, «бойдақ жігіттер түске дейін ұйықтап жатқан шығар» деп тұспалдап барсақ, бәрі ұшты күйлі жоқ. Қарнымыз аш. Содан аш қасқырдай басымыз салбырап аялдамаға қарай түсіп келе жатқанымызда алдымызда Нұрлан ағамыз жолыға кетті. Ол кісі ә дегеннен сабағымызды, жағдайымызды сұрап бәйек болып жатыр. Біздің қабағымыздан көңіл күйімізді аңғарды ма қалтасынан үш сом алып, «тамақ алып ішіндер» деп қолымызға ұстата берді...

Кейін көпшілік жерде үлкен кісілер өздерінің өмір жолдарын айтып отырып, студенттік жылдары болсын, басқа өмір ағысында болсын осы Нұрлан ағамыз сияқты өздеріне жақсылығы тиген, көмек берген кісілердің жақсылықтарын айтып отырған сәтте менің есіме сол көрініс орала беретін. Ауылға практикаға келгенде совхоз директоры Аманбай аға Иманбаев бізді «жас жігіттер еш нәрседен мойымау керек» деп сонау Бетпақ даладағы қырқымаға қой қыркуға жіберген еді. Сонда жиын-терім аяқталып, соның құрметіне болған сабан той үстінде ферма меңгерушісі Дүйсеев Әбітай көкеміз «Мен студент болған кезімде Нұржігіт көкем қорада тұрған екі ешкісінің бірін «жол пұл қыласың» деп арқалатып жіберіп еді. Мен де бүгін мына екі студентке жол пұлына жаратсын деп 100 килодан екі жүз кило жүн берейін» деп қамқорлық көрсеткен болатын. Мұны айтып отырған себебім, сол уақытта қазақтың баласы бір-біріне бауыр болып, өткен жылдардың ащы күндерін ұмытпай ізгілік амалдарын жасап тұратын. Сол үрдіс біртіндеп қалып бара жатқандай болады.

Өмір жолында Нұрлан ағамыз өнегелі жолын сырттай бақылап, өзіме үлгі тұтып жүрдім. Еңбекқор азамат екеніне талай көзім жетті. Қолынан келсе біреуге алыс-жақын демей жүретін арда азамат деп білемін. Балалар әдебиетіне өзіндік үлесін қосып жүрген қаламгер Есентегі Нұрлан ағамызды жақынырақ таныстыра түссем, ол азамат 1959 жылдың 6 шілдесінде Байжансай поселкесінде дүниеге келген. 1966-1974 жылдары аралығында Созақ ауданы, Ф. Энгельс атындағы орта мектебінде оқып, 8-ші сыныпты бітіріп, Кентау қаласындағы тау-кен металлургиялық техникумында білім алып «техник-құрылысшы» мамандығын иеленеді. Одан үш жыл Тынық Мұхит флотында матрос ретінде әскери борышын атқарады. Әскерден оралған соң, өзі туып өскен Қарақұр ауылындағы кеңшарда Энгельс атындағы кеңшарда құрылысшы болып еңбек жолын бастайды. Бірнеше рет Алматы қаласына барып өзі қалаған журналистік мамандық алу үшін университетке талаптанғанымен жолы болмайды. Бала-лық шағынан қазақ совет жазушыларының шығармаларын жата жастана оқыған жас талап алған бетінен қайтпайды. Оқуға түсе алмай қалдым деп тауы шағылмай, сол уақыттағы аудандық «Молшылық үшін» газетіне кішігірім мақалаларын жолдап, өз мақаласы шыққан газеттің қиындыларын сақтап жүреді. Сүйенетін сүйеніші жоқ, қолдаулы қолдаушысы болмаса да өз күші мен қайратына сенген Нұрлан ақыры әл Фараби атындағы Ұлттық университеттің журналистік факультеті бұйырмаса да тарих факультетінің дайындық курсына оқуға түседі.

Оған дейін Жамбыл облысы, Жаңатас қаласында «Қаратау» кен байыту комбинатында қара жұмысшыдан жөндеуші, құрылысшы, шебер жұмыстарын ыждағатпен атқарады. Әрі осы қаладан болашақ жа-



рын табады. Шаңырақ көтереді. Дипломы қолына тиген соң Жаңатас қаласындағы М.Әуезов, Абай атындағы орта мектептерде «еңбекке оқыту», «тарих» пәндерінің мұғалімі және директордың оқу және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары болып таңдайы білімге кепкен шәкірттеріне талмай білім беру ісімен айналысады. Отбасы жағдайымен Тараз қаласына көшкенде де осы ұстаздық жолмен жүреді. Алайда жүрек түкпіріндегі жазушылыққа деген бала арманы қолынан қаламын тастатпайды. Жаза береді, жаза береді... Білімді, білікті ұстаз Тараз мемлекеттік педагогикалық институтына, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетіне ұстаздық қызметке шақырту алады. Сөйтіп, аталған университеттің бірінде «Тарих және тарихты оқыту әдістемесі» кафедрасында аға оқытушы болып оқыту-

шылық саланың қыры мен сырына қаныға түседі.

Қырғызстан Республикасының Бішкек қаласындағы университетте «1930-1990 жылдардағы Қырғызстан мен Қазақстан кинематографистерінің ынтымақтастығы» тақырыбында тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атанады.

Бүгінде Нұрлан ағамыз зейнеткерлік демалыста болса да баяғы төрт қырлы қаламы әлі қолында жүр.

Отыз жылға жуық республикалық «Балдырған», «Ұлан», «Жыл-он екі ай» балалар басылымдарында шығармалары үзбей жарияланып тұрды. Сол шағын әңгімелерін жинақтап 2001 жылы «Аспан толы бақбақ гүл», 2002 жылы «Менің досым Ескендір» атты балаларға арналған жинағы шықты. Одан бөлек Халықаралық «Түркістан» апталығында өнерге қатысты зерттеу мақалалары, «Бауыржан Момышұлының даңқты қолбасшылармен үндестігі және даралығы» тарихи баяны жарық көрді. «Кеңестік әскери авиацияның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі» (1941-1945 ж.ж.) көмекші оқу құралы мен «Шыңғыс Айтматов және кино» зерттеу мақалалар жинағы, «Қазақ киносының тұлғалары» зерттеу мақалалар жинағы жарық көрді. Әрине, осынау қыруар еңбектерді дүниеге әкелуде отбасының жылуы, адал жарының шынайы қолдауы да керек екені ақиқат. Бұл тұрғыда аяулы жарының қолдаушылық танытып, жанына жалау болғаны анық. Биыл Нұркең 65 жасқа толып асқаралы асуды басып отыр. Ауданымызға шақырып, кітапханалар мен мектептерде кездесу ұйымдастырып жерлес, қарымды қаламгермен болашақ жас буындарды жақынырақ таныстыра түссек нұр үстіне нұр болар еді.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**

Алтынсары ақсақал жетпіс беске келген. Әлі де тың. Қозыкөш жерге жаю барады. Ширақтығын «еңбекке жастай араласқанымнан» деп топшылайды өзі. Әттең, кемпірі ертерек кетіп қалды. Қазір, жалғыз ұлы мен келінінің қолына қарап қалды. Үйде екі-үш немересі бар. Солар қартқа алданыш. Келіні жағдайын жасап алдынан қия өтпейді. Бірақ, соңғы уақытта орамалын шешіп тастайтынды шығарыпты. Қайын атасының алдында жалаңбас тайраңдап жүру-әбестік, әрине. «Қазақ әйелінің орамал таққаны-қанға сіңген қасиет. Ақ орамал әйелдің басына қонған бақ қой! Келінім, Батыстан гөрі, Шығысқа көбірек қараса екен» деп ойлады қарт. Бірде шай үстінде Алтынсары ақсақал, келініне:

«Қарағым, қазір, күн жылынды. Орамалдарың әр жерде шашылып жатпасын, сандыққа салып таста-деді. Түсінер деп, емеуірінмен айтты.

«Көке, басынан орамалын тастамайтын жаңа түскен келіндейсіз-ау мені!-деді келіні. Бұл сөз қартқа жайсыз тиді.

«Онда мен жүре берейін. Жаңа түскен келін келгенде келемін!»-деп қарт, бетін сипап орнынан тұрды. Ұлы

## «ОРАМАЛ»

үйде жоқ болатын.

«Көке, не болды? —деп келінің көзі бақырайып кетті.

«Алматжан келін әкелгенде келемін. Ол келін әппақ орамал тағып жүретін шығар?»-деп қарт өз бөлмесіне беттеді. Екі-үш киімін алды да, сыртқа шықты.

Саяжай жақты бетке алды. Онда шағын бөлмелі баспана бар. Газы, суы, жарығы бәрі қосылған. Автобуспен жарты сағатта жетті. Шөлдеп қапты. Шай қойды. Қатып қалған нан бар екен. Соны шайға малып, жібітіп жеді. Бала кезінде интернатқа барғысы келмей, орталықтағы үйде ағасы екеуі, жарты қап кепкен нанды екі апта осылай жібітіп, талғажу еткен. Сол есіңе түсіп, жымып қойды.

Ағасын ойлады. Екі ұл, екі қызы бар. Бірақ басқа қалада тұрады.

«Оған жақсы! Бір келіні орамал тақпаса, екінші келініне барады. Қыздары бар. Оларға да кезек-кезек



кіреді. Әй, не бопты, анау екі келіннің біреуі болмаса, екіншісі салт-дәстүрді құнттайтын шығар?... Әй,

оларда нем, бар, алдымен, өз қотырымды қасып алайын»-деп ойлады Алтынсары қарт.

Шайдан соң, теледидарды қосып, диванға қисайды. Қосағың есіңе алды. «Әй, әлі де жүре тұрғаныңда ғой, келінің орамалың тағып жүрерме, еді? Неге асықтың? Неге тастап кеттің мені?!» Қартайғансоң, не болса соған өкпелейтін әдет шығарыпты. Өзінің қыңырлығы да бар. Көрші келін сәлем салмай өтсе, көңіліңе алып қалатын. Сонда жарықтық кемпірі: «шал-ау таусыла берме, әркімнің санасына берсін, өресіңе де берсін де» дейтін. Бірақ, мына тіршілікте әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді темір қазық етіп жүргенге не жетсін! Қарт ұйықтап кетті. Түс көрді. Түсіне кемпірі кірді. Сол баяғы жаңадан келін болып түскен шағы. Басында әппақ орамалы бар. Әдемі. Имене төмен қарайды. «Келін деген сендей болу керек!»-дейді бұл. Кемпірі естімейме, үн қат-

пайды.

«Бағила..Бағыш...өзіңе орамалың сондай жарасып тұр. Керіктісің!»-дейді қарт. Кемпірі енді ғана даусың шығарды. «Қайда жүрсің?» деді. «Саяжайдамын» деді бұл. «Саяжайда жүргенің ұят қой. Үйге бар» -дейді кемпірі. «Қалай барамын, келінің басында орамал жоқ қой!» -дейді бұл. «Ақылы бар еді ғой, қалай шешіп тастады екен?»-деді кемпірі. «Саған, айт дейін десем, сен келе алмайсың ғой. Кетеріңде кылағыңа құйып кеткенің дұрыс болар еді...» деді қарт. Қарт оянып кетті. Есікті біреу қағып тұр екен. Ашқанда ұлын көрді.

«Көке, неге мұнда жүрсіз?»-деді.

«Зейнеттегі адаммын. Демалып...»-деді Алтынсары қарт.

«Бұл жерде қалғаныңыз ұят болады, үйге кеттік!»-деді ұлы.

«Маған осы жерде жақсы-деді қарт.

«Келініңіз ет асып жатыр. Өзі әппақ орамал тағып алыпты. Жүріңіз-деді ұлы, -немерелеріңіз де іздеп жатыр. Олар көлікке мініп, жолға түсті.

«Апаңның басыңа бұрылшы, құран бағыштайын-деді қарт.

**Нұрлан ЕСЕНОВ.**

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС- ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуге және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**К.КУЛУМБАЕВ,**  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, майор.

## Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғалам ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу-әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

**Айнұр УТЕБАЕВА,**  
Созақ аудандық Кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы.

### Жарамсыз деп танылсын

Бабашов Мухтар Ануарбекұлының иелігіндегі 2005 жылы шығарылған «Ваз 21060» маркалы автокөлігінің «KZ 592 АУ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімдігінің басшылығымен 2024 жылғы «14» наурыз күні сағат 11:00-де Таукент кенті әкімдігінің ғимаратында (Таукент кенті) «Қазатомпром-SaUran» ЖШС кен орындарының тауарлық десорбаттарынан уранды тікелей пероксидті тұндыруды жүзеге асыру үшін аффинаж цехын қайта жаңарту» тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді. Тыңдаушылар жобаның материалдарымен Түркістан облысы, Созақ ауданы, «Қазатомөнеркәсіп-Sauran» ЖШС орталық аппараты мекен-жайы бойынша таныса алады. Анықтама телефоны 8-778-096-00-00, ішкі. 40228. Жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және оларды қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады - sauran@sauran.kazatomprom.kz

Қосымша тыңдаушылар онлайн конференцияға көрсетілген сілтеме арқылы қосыла алады <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

Под руководством Акимата поселка Таукент Созакского района Туркестанской области «14» марта 2024 года в 11:00 часов в здании Акимата поселка Таукент (п. Таукент) состоится общественное слушание по теме: «Реконструкция аффинажного цеха для осуществления прямого пероксидного осаждения урана из товарных десорбатов месторождений ТОО «Казатомпром-SaUran».

Слушатели смогут ознакомиться с материалами проекта по адресу: Туркестанская область, Созакский район, рудник «Канжуган» ТОО «Казатомпром-Sauran». Телефон для справок 8 778 096 00 00, внутр.: 40228.

Представители общественности могут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала общественных слушаний на электронную почту заказчика - sauran@sauran.kazatomprom.kz

Так же слушатели смогут присоединиться к онлайн конференции по ссылке <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

## Қатерлі дертпен қоғам болып күресейік!

Сыбайлас жемқорлық айналасын шырғауықтай шыр-мап, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергі-

лікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған

қорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа

### Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 700-467-93-21 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі.

ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жем-

адамдардың құқықтарын, бо-стандықтарын, абыруы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Осы бағытты берік ұстанған Созақ аудандық қазынашылық басқармасы жұмыс ауызбіршілік пен ынтымақта қасіретті дерттің алдын алуда бірлесе жұмыстар атқаруда.

**Ерлан РАЙЫМҚҰЛОВ,**  
Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы.

## Заңдылықты сақтау-міндетіміз

Өзендер мен тоғандар, көлеңкелі тоғайлар көң даланың қайталанбайтын көркі кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Табиғатта тамақ пісіріп, кәуап дайындап, тіпті түнгі қараңғылықта жанған оттың бойында өткіземіз. Өрт шалған орман, тоғайдың қайтадан қалпына келуіне ондаған жылдар керек, көптеген жылдар бойы адамдар табиғатты қорғаумен айналысып келеді. Бірақ, бір күнгі қызыққа бола адамдардың жеңіл-тек мінезінен, туған табиғатқа немқұрайлықпен қарау салдарынан көптеген орман тоғайлар өртке шалдығып, күлге айналып кете барады. Өрт тілсіз жау. Біздің жеріміздің шөбі қалың, ауаның құрғақтығынан өрт тез таралады.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды орман алқабына апарып өртеуге болмайды.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адам-

дар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

**Қ.ҚИЯҚБАЙ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

## Мектеп тынысы



## МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектепте 9-11 сынып оқушыларға арналған «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. Оқушыларға мамандыққа байланысты кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. Жеке тұлғаның кәсіптік мамандықтарға деген ын-

та-ықыластарын анықтау, кәсіптік бағдар беру, оқушыларды қоғамдағы еңбектің, мамандықтардың әр түрлерімен таныстыра отырып, олардың өсу деңгейі және қоғамдағы қажеттілік орны мен сұранысы жайлы білімді меңгерту, мамандық әлемінен ақпарат алу мақсатында дөңгелек үстел ұйым-

дастырылды. Жиын барысында оқушыларға бір-біріне және топтасу арқылы жақсы тілектер айтқыза отырып, көңіл күйлерін ретке келтіру мақсатында тренинг жүргізілді. Мамандық таңдау жасөспірім кезеңдегі ең маңызды шешімдердің бірі. Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Мен қандай мамандық иесі боламын?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Мектеп психологы Гүлмира Мұғалбековамен кәсіптік бағдар беруші Нұрлыбек Бекжігітов оқушыларға мамандықтан қателеспеуге өмірде өз орындарын табуына кеңестер ұсынды.

Жиын соңында айтылған ақыл - кеңестерді жадыңызда ұстап, ілім-білім алуға барлық күш жігерлерін жұмсап, егеменді еліміздің ертеңі - болашақ маман иелері болуларына ұстаздар тарапынан оқушыларға тілектер айтылды. Болашақ жастарға сеніммен серік жолдас болсын!

**Г.МҰҒАЛБЕКОВА,**  
**«Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ педагог-психологы.**

## Жаңа форматтағы ата-аналар жиыны

Қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір ұлт өзінің салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтап, осы кезең талаптарымен ұштастыра отырып, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие бере білуіміз қажет. Тәлім-тәрбие беруде білім мекемесі мен отбасының, ата-ананың, әлеуметтік ортаның бірлескен жұмысы өз нәтижесін береді.

Осы орайда «А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 4 «А» сынып оқушыларының, ата-аналарының қатысуымен бірлескен «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Бұл тәлімдік жиынның басты мақсаты, әрбір отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысу маңыздылығын арттыру, жеке тұлғаның мейірімді, сыпайы болу әдептерін бойына сіңіруде ата-аналармен бірлесіп жұмыстар жүргізу, ұстаз бен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, олардың психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады. Осы мақсатта, ата-аналарға көмек көрсетуде психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің әлеуметтік-педагог маманы Ж.Серікбайқызы «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында ата-аналарға бейне жазба көрсете отырып, ата-ана шындығының 10 заңнама нұсқаулығымен таныстырды. Сонымен қатар, аудандық орталық емхананың психолог маманы А.Әсілбек «Көңілді шар», «Біз біргеміз» атты ата-аналарға тренингтер өткізді. «Баланың хаты» атты сергіту сәтінде өте әсерлі болды. Қорыта келгенде мектеп ұжымы мен ата-аналар комитеті мүшелері алдағы уақытта еліміздің ертеңі болашағы жас өркен ұрпаққа тәрбие мен білім беруде



бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын бірауыздан қолдап, осындай іс-шаралардың жиі өткізілуі қажеттілігіне баса назар аударды.

**Үміткүл ИБРАГИМОВА,**  
**«А. Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі.**

## «Мен оқыған бір ертегі»

«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінде кітапханашы Әбілева Майраның ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іс-жоспарына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптар арасында «Мен оқыған бір ертегі» сахналық қойылымы өткізілді.

Бұл шараны өткізудегі негізгі мақсат ертегілерді оқу арқылы балалардың тіліндегі сөздік қорын молайту, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, ана тілімізде таза сөйлеуге машықтандырып,



ойлау қабілеттерін жан-жақты дамыту болып табылады.

Шараның қорытынды нәтижесі бойынша 4-сынып оқушылары «Шалқан» ертегісімен I-орынды, 3-сынып оқушылары «Ай мен Жұлдыз» ертегісімен II-орынды, 2-сынып оқушылары «Аю мен Ит» ертегісімен III-орынды иеленді. 1-сынып оқушылары белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Үн қосу

## Ғылым мен білімнің эпицентрі

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаевпен болған сұхбатта еліміздегі заңдылықтар жолында кеңінен айталғанындай еліміз құқықтық мемлекет ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы ата заңымыздан бастап, көптеген заңдар шығарды. Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті - бұл жай ғана білім беру мекемесі емес, бұл елдің құқықтық зиялыларының тірегі. Факультеттің тарихы, оның жетістіктері мен даму болашағының құқықтық жүйені жетілдіруге және әлемдік стандарттармен үйлестіруге жалпымемлекеттік ұмтылыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

Заң факультетінің тамыры тереңде жатыр, ол қазіргі Қазақстанның қалыптасу кезеңінен бастау алады. 1955 жылы білікті заңгерлерді даярлау үшін құрылған факультет білім беру және құқықтық тәртіп жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Уақыт өте келе заң факультеті елдегі құқықтық ғылымның дамуын анықтайтын интеллектуалды ағындардың эпицентріне айналды. Заң факультетінің үздік білімділер мен корифейлері тәуелсіз егемен Қазақстанның заңнамалық актілерінің негізін қалаушылар болып табылады.

Факультеттің академиялық ортасы тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен бірге практикалық тәжірибемен де байытылды. Заң факультеті өзінің керемет жетістіктерімен танымал. Оның түлектері тек заңгерлер ғана емес, олар жаһандық трансформацияға бағытталған мамандар. Олардың көпшілігі Үкіметте, үкіметтің барлық тармақтарының мемлекеттік органдарында, бизнесте және халықаралық ұйымдарда факультеттің жоғары дайындық деңгейін растайтын негізгі позициялардан орыналады.

Факультет халықаралық заң конференцияларына белсенді қатысады, құқықтық ғылым мен практика дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізеді. Факультеттің білім беру бағдарламалары қазіргі тенденциялар мен стандарттарға сәйкес келеді, бұл оның елдегі ең жақсы заң мекемелерінің бірі ретіндегі беделін қамтамасыз етеді.

Жылдам өзгерістер мен цифрлық инновациялар дәуірінде заң факультеті жаңа өзгерістерге дайындалуда.

Ол заманауи білім беру технологияларын, жаңа білім беру бағдарламаларын белсенді енгізіп, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп және практик-заңгерлермен, әлеуетті жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеттерді тереңдетуде. Факультет дәстүрлі құндылықтарды оқытудың инновациялық әдістерімен және еңбек нарығының талаптарымен үйлестіре отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге ұмтылады. Кадрлар мен білім беру процесінің құрылымын үнемі жетілдіре отырып факультет түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын және құқық пен заң саласындағы күрделі міндеттерді тиімді шеше алуын қамтамасыз ету үшін кепілдік беруде.

Айта кету керек, мұнда әлемдік стандарттарға сай келетін жоғары деңгейдегі кадрларды даярлау жүйесінің өзіндік моделін қалыптастырды. Қазіргі уақытта университеттің мақсаты ұлттық классикалық университетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру, сондай-ақ әлемдегі ең үздік 200 зерттеу университеттерінің қатарына кіру болып табылады.

Университеттің академиялық саясаты университеттің Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублиндік дескрипторларға және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес бітіруші кафедралар әзірлейтін университеттің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту арқылы жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл жай ғана заңгерлік шеберлік мектебі емес, бұл құқықтық ғылым мен білімнің қара қазаны.

**Ж.КАРАШЕВА,**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Заң факультетінің аға оқытушысы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директордың уақытша міндетін атқарушы:**  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы

**Бас редактор:**  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

**Редакция құрамы:**  
Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайншы-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терімші-  
Бағила АЯЗБАЕВА  
Фототілші-  
Күрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.